



Әлеуметтік саладағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 қарашадағы № 1068 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Әлеуметтік саладағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Кешенді жоспардың орындалуына жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ өзге де үйымдар (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын;

2) жылдың қорытындысы бойынша, 15 қантардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша, 15 ақпаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайлов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 30 қарашадағы
№ 1068 қаулысымен
бекітілген

Әлеуметтік саладағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 24.10.2024 № 881 қаулысымен.

Kіріспе

2023 жылғы 19 сәуірде өткен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңес шеңберінде берілген Мемлекет басшысының тапсырмасын

орындау үшін Әлеуметтік саладағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытудың 2024 – 2028 жылдарға арналған кешенді жоспары: жоғары білім, деңсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, спорт, оқу-ағарту саласындағы 5 бағыт бойынша әзірленді.

1-бағыт. Жоғары білім

2022 – 2023 оқу жылы республика бойынша студенттердің, магистранттар мен докторанттардың жалпы саны 626208 адамды құрады, оның ішінде 2022 – 2023 оқу жылы 182167 адам қабылданды.

Білім алушылар санының жыл сайын ұлғаюымен студенттік жатақханалардағы орын тапшылығы да арта түсуде. Бүгінгі күні жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) 48-негінде 61435 төсек-орын қажет, оның ішінде 25 мемлекеттік ЖЖОКБҰ 46402 төсек-орын және 23 жеке ЖЖОКБҰ 15033 төсек-орын қажет.

ЖЖОКБҰ-дағы жатақханалар саны 101522 төсек-орынға арналған 309 бірлікті құрайды, сондай-ақ студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету мәселесін шешу шенберінде білім беру үйымдары жатақханалар және хостел иелерімен жалдау шартын жасасқан. Жалға берілетін хостелдерде барлығы 6865 студент тұрады, оның ішінде 5727-і жоғары оқу орындары студенттері және 1138-і колледж студенттері.

Жоғары оқу орындарында студенттерге, магистранттарға және докторанттарға арналған жатақханалардың көпшілігі физикалық тұрғыдан тозып, материалдық-техникалық базасы ескірген. Бүгінгі күні республика бойынша 50 жылдан асқан және реконструкциялауға жатпайтын 13 студенттік жатақхана (Алматы қаласы – 7 жатақхана, Абай облысы – 4 жатақхана, Солтүстік Қазақстан облысы – 2 жатақхана) жұмыс істейді.

2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап студенттерді жатақханалардағы орындармен 100 % міндетті тұрде қамтамасыз ету жөніндегі норма енгізіледі.

Мәселені шешу үшін студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігі әзірленді, онда студенттердің, магистранттар мен докторанттарды жатақханаларда орналастыру үшін ақы төлеу көзделген, оның шенберінде:

құрылыш салушы жоғары оқу орны, колледж немесе жеке инвестор объектіні пайдалануға беруді өзінің меншікті немесе қарызы қаражаты есебінен жүзеге асырады;

объект пайдалануға берілгеннен кейін мемлекет мемлекеттік тапсырысты орналастыруды жүзеге асырады.

Бұған дейін бір студентке мемлекеттік тапсырыстың жылдық мөлшері:

құрылыш кезінде 122 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) (Алматы қаласы үшін – 144 АЕК);

реконструкциялау кезінде 47 АЕК (Астана, Алматы қалалары үшін – 92 АЕК) құрады. Мемлекеттік тапсырыс 8 жыл мерзімге (ай сайынғы негізде) орналастырылады.

Бұл тетікті қолдану 2018 жылдан бастап 2022 жылға дейін 40662 төсек-орынға арналған 168 жатақхананы (жоспар бойынша 30000 төсек-орын) пайдалануға беруге мүмкіндік берді. Оның ішінде 2022 жылы 10032 төсек-орынға арналған 44 жатақхана (жоспар бойынша 10000 төсек-орын) пайдалануға берілді.

Соған қарамастан қолданыстағы тетіктің тартымдылығын арттыру және жеке инвесторлардың пулын көптең тарту мақсатында тетікті жетілдіру бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізілуде.

Осы тетікті жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – ФЖБМ) мынадай шешімдер әзірледі:

1. Инвестициялық тартымдылықты арттыру. Осы мақсатта жатақханалар салған кезде мемлекеттік тапсырысты орналастыру мерзімі 8 жылдан 6 жылға дейін қысқартылды, алайда жатақханадағы бір орынға мемлекеттік тапсырыстың мөлшері Қазақстан бойынша 122 АЕК-тен 195 АЕК-ке дейін, Алматы қаласы үшін 144 АЕК-тен 230 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. ("Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының студенттерін, магистранттарын және докторанттарын жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 4 қантардағы № 1 бұйрығымен бекітілген).

Іске асырылу үстіндегі тетіктің жетілдірілетінін ескерсек, ол ұзақ мерзімді перспективада:

бюджет қаражатын, оның ішінде жатақханалардың нысаналы құрылышына және оларды кейіннен бюджет есебінен ұстауға жұмсалатын бір мезгілдік шығыстарды үнемдеу;

жатақхана салу және оның жұмыс істеуі кезеңінде уақытша және тұрақты жаңа жұмыс орындарын құруды ынталандыру;

шағын және орта бизнестің дамуына түрткі болу;

студенттік жатақханаларды салуға Қазақстанның құрылыш нарығында тәжірибесі бар ірі құрылыш компанияларын тарту;

жатақханалардағы орындарға сұраныстың көптігіне байланысты қалыптасқан әлеуметтік шиеленісті азайту түріндегі әлеуметтік-экономикалық нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2. "Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қантардағы № 13 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 23 қантардағы № 30 қаулысына студенттік жатақханалар салуға жер участеклерін беру және 55.90 "Тұруға арналған өзге де орындардың қызметтер көрсетуі" деген қызмет түрімен толықтыру бөлігінде толықтырулар енгізілді, оған сәйкес жатақханалар салу үшін жер участеклері ретінде мемлекеттік заттай грант беру көзделген.

Бұл құралды іске асыру жергілікті атқарушы органдар деңгейінде студенттік жатақханалар салу үшін жер учаскелерін бөлу процесін едәуір жөнілдетеді.

Студенттік жатақханалардағы орын тапшылығы мәселесін қысқа мерзімді кезеңде тек мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігі есебінен шешу мүмкін емес. Студенттік жатақханаларды салу немесе реконструкциялау тетігін үнемі жетілдіру және нормативін ұлғайту республикалық бюджетке барлық жағынан жүктеме түсіреді.

Осыланысты ҒЖБМ студенттерді, магистранттар мен докторанттарды жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етуге мемлекеттік тапсырысты орналастыру тетігімен қатар бағдарламалық мемлекеттік-жекешелік әріптестікті (бұдан әрі – МЖӘ) іске асыру мәселесін пысықтауда.

"Бағдарламалық МЖӘ" тетігі жобалау-сметалық құжаттамаға (бұдан әрі – ЖСҚ) сәйкес МЖӘ объектісінің сметалық құнының 30 %-ы мөлшерінде ҒЖБМ жатақхана құрылышын қоса қаржыландыруды, ал жекеше әріптес меншікті және (немесе) қарыз капиталын тарту арқылы МЖӘ объектісі құнының 70 %-ы мөлшерінде инвестициямен қамтамасыз етуді көздейді.

Одан әрі жекеше әріптес құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізеді, ал объект пайдалануға берілгеннен кейін жекеше әріптес жатақхананы кемінде 6 жыл пайдаланады. Осы кезеңде жан басына шаққандағы қаржыландыру төленеді.

3 МЖӘ шартын жасасу арқылы 9 жатақхана салу және пайдалану жөніндегі жобаларды іске асыру көзделген (Алматы қаласында 1 МЖӘ шарты шеңберінде 5 жатақхана, Абай және Павлодар облыстарында 1 МЖӘ шарты шеңберінде 2 жатақхана, Қызылорда және Маңғыстау облыстарында 1 МЖӘ шарты шеңберінде 2 жатақхана).

2-бағыт. Денсаулық сақтау

Казақстан Республикасындағы халық саны 2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша 19765004 адамды құрады, оның ішінде қала тұрғындары – 12208259, ауыл тұрғындары – 7556745 адам.

2022 жылдың 12 айында Қазақстанда 403,5 мың бала дүниеге келді (2021 жылы – 450,7 мың адам), оның ішінде 208 мыңы – ұл бала, 195,5 мыңы – қыз бала. 2022 жылдың қайтыс болғандар саны 134,7 мың адамды құрады, халықтың табиғи өсімі 2022 жылдың 12 айда 268,8 мың адамды құрады (2020 жылды – 263 мың адам, 2021 жылды – 267 мың адам).

Туудың ең жоғары деңгейі Маңғыстау облысында (1000 тұрғынға шаққанда 27,75 адам), Түркістан облысында (1000 тұрғынға шаққанда 27,23 адам) және Шымкент қаласында (1000 тұрғынға шаққанда 26,34 адам) байқалды. Өлім-жітімнің ең жоғары деңгейі Солтүстік Қазақстан облысында (1000 тұрғынға шаққанда 11,84 адам), Шығыс Қазақстан облысында (1000 тұрғынға шаққанда 11,71 адам) және Қостанай облысында (1000 тұрғынға шаққанда 10,82 адам) байқалды, бұл осы облыстардағы халықтың жас құрылымына байланысты болды.

2022 жылдың 12 айында 1 жасқа дейін 3215 нәресте қайтыс болды, 1000 тұған нәрестеге шаққанда нәресте өлімінің коэффициенті 7,97 нәрестені құрады (2021 жылдың үкесас кезеңінде – 8,35 нәресте).

Қазақстан Республикасында өлім-жітім себептерінің негізгі сыйныптары бойынша өлім-жітімнің стандартталған коэффициенті 2022 жылы 10000 адамға шаққанда 574,72 жағдайы құрады:

қан айналымы жүйесі ауруларынан 10000 адамға шаққанда 130,22 жағдай;
жүйке жүйесі ауруларынан 10000 адамға шаққанда 103,5 жағдай;
ісіктерден 10000 адамға шаққанда 61,0 жағдай;
тыныс алу органдарының ауруларынан 10000 адамға шаққанда 55,18 жағдай;
ас қорыту органдарының ауруларынан 10000 адамға шаққанда 46,63 жағдай;
қант диабетінен 10000 адамға шаққанда 18,01 жағдай;
кейбір жұқпалы және паразиттік аурулардан 10000 адамға шаққанда 6,47 жағдай.

2022 жылы қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімнің стандартталған коэффициентінің жоғары көрсеткіштері: Ұлытау облысында (10000 адамға шаққанда 201,06 жағдай), Қарағанды облысында (10000 адамға шаққанда 187,76 жағдай), Абай облысында (10000 адамға шаққанда 186,71 жағдай), Батыс Қазақстан облысында (10000 адамға шаққанда 185,33 жағдай), Шығыс Қазақстан облысында (10000 адамға шаққанда 182,83 жағдай) және Қостанай облысында (10000 адамға шаққанда 177,75 жағдай).

2022 жылы жүйке жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітімнің стандартталған коэффициентінің көрсеткіштері: Ұлытау облысында (10000 адамға шаққанда 305,83 жағдай), Қарағанды облысында (10000 адамға шаққанда 276,69 жағдай), Ақмола облысында (10000 адамға шаққанда 212,36 жағдай), Шығыс Қазақстан облысында (10000 адамға шаққанда 157,47 жағдай), Павлодар облысында (10000 адамға шаққанда 152,05 жағдай) және Астана қаласында (10000 адамға шаққанда 133,70 жағдай) жоғары.

2022 жылы қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітімнің стандартталған коэффициентінің көрсеткіштері: Абай облысында (10000 адамға шаққанда 96,42 жағдай), Шығыс Қазақстан облысында (10000 адамға шаққанда 80,66 жағдай), Батыс Қазақстан облысында (10000 адамға шаққанда 80,61 жағдай), Павлодар облысында (10000 адамға шаққанда 78,61 жағдай), Ақмола облысында (10000 адамға шаққанда 74,47 жағдай) және Астана қаласында (10000 адамға шаққанда 92,20 жағдай) жоғары.

2022 жылы тыныс алу органдарының ауруларынан болатын өлім-жітімнің стандартталған коэффициентінің көрсеткіштері: Жетісу облысында (10000 адамға шаққанда 117,53 жағдай), Солтүстік Қазақстан облысында (10000 адамға шаққанда 113,62 жағдай), Ақтөбе облысында (10000 адамға шаққанда 110,12 жағдай), Атырау облысында (10000 адамға шаққанда 106,74 жағдай), Алматы облысында (10000 адамға шаққанда 104,25 жағдай) және Жамбыл облысында (10000 адамға шаққанда 90,60 жағдай) жоғары.

2022 жылы ас қорыту органдарының ауруларынан болатын өлім-жітімнің стандартталған коэффициентінің көрсеткіштері: Ақтөбе облысында (10000 адамға шаққанда 89,19 жағдай), Қостанай облысында (10000 адамға шаққанда 80,96 жағдай), Атырау облысында (10000 адамға шаққанда 79,57 жағдай), Жетісу облысында (10000 адамға шаққанда 71,43 жағдай), Алматы облысында (10000 адамға шаққанда 70,56 жағдай адам) және Қарағанды облысында (10000 адамға шаққанда 64,88 жағдай) жоғары.

2022 жылы қант диабетінен болатын өлім-жітімнің стандартталған коэффициентінің көрсеткіштері: Солтүстік Қазақстан облысында (10000 адамға шаққанда 49,37 жағдай), Павлодар облысында (10000 адамға шаққанда 36,85 жағдай), Жетісу облысында (10000 адамға шаққанда 34,14 жағдай), Түркістан облысында (10000 адамға шаққанда 32,88 жағдай), Қостанай облысында (10000 адамға шаққанда 32,09 жағдай) және Шымкент қаласында (10000 адамға шаққанда 28,0 жағдай) жоғары.

2022 жылы кейбір жұқпалы және паразиттік аурулардан болатын өлім-жітімнің стандартталған коэффициентінің көрсеткіштері: Маңғыстау облысында (10000 адамға шаққанда 14,98 жағдай), Атырау облысында (10000 адамға шаққанда 11,68 жағдай), Ұлытау облысында (10000 адамға шаққанда 11,63 жағдай), Шығыс Қазақстан облысында (10000 адамға шаққанда 10,95 жағдай) Қызылорда облысында (10000 адамға шаққанда 9,27 жағдай) және Шымкент қаласында (10000 адамға шаққанда 8,82 жағдай) жоғары.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республика халқына 839 аурухана (483 денсаулық сақтау жүйесі, 316 жеке және басқа 40 ведомство) және 3230 амбулаториялық-емханалық үйім (1954 денсаулық сақтау жүйесі, 1214 жеке және 62 басқа ведомство) медициналық көмек көрсетеді.

2023 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындысы бойынша төсек саны (денсаулық сақтау жүйесінде) 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 99431-ден 99584-ге дейін ұлғайған, 2023 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындысы бойынша төсекпен қамтамасыз ету саны 10000 тұрғынға шаққанда 50,2 болды, ал 2022 жылдың ұқсас кезеңінде ол 51,9-ды құраған. Дәрігерлермен қамтамасыз ету (денсаулық сақтау жүйесі) 2022 жылдың ұқсас кезеңінде 29,4 дәрігер болса, 2023 жылғы 1-жартыжылдықтың қорытындысы бойынша 10000 тұрғынға шаққанда 28,9 дәрігерді құрады, орта медицина жұмыскерлерімен қамтамасыз ету 10000 тұрғынға шаққанда 78,7 адамды құрады, ол 2022 жылдың ұқсас кезеңінде 81,6 адам болған.

Сонымен қатар қазіргі уақытта ауылда 41 % немесе 7,8 миллионнан астам тұрғын тұрып жатыр, олар үшін қолжетімді және сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету мәселелері маңызды болып отыр. Ауыл тұрғындарына 5397 медициналық үйім, оның ішінде 2895 медициналық пункт, 790 фельдшерлік-акушерлік пункт, 1282 дәрігерлік амбулатория, 227 емхана және 203 аурухана медициналық көмек көрсетеді. Жұмыс істеп тұрған аудандық ауруханалар "алтын сағат" қағидатын сақтай отырып,

инфаркт, инсульт, жарақат және басқа да жағдайлар кезінде шұғыл медициналық көмек көрсете алмайды, сондай-ақ ірі қалаларға бармай-ақ мамандандырылған және жоғары технологиялық медициналық көмек көрсете алмайды.

Осылайша, МЖӘ шеңберінде Батыс Қазақстан, Ұлытау облыстарында емханалар салу жөніндегі жобаларды іске асыру ұсынылады, оның ішінде:

Батыс Қазақстан облысында "Деркөл кентінде бір ауысымда 250 келушіге арналған емхана салу және пайдалану" және "Зачаганск кентінде бір ауысымда 250 келушіге арналған емхана салу және пайдалану" жобалары халық санының ұлғаюына байланысты қажет болып отыр. Қазіргі уақытта кенттердің халқы тиісінше 35000 адамды және 75000 адамды құрайды.

Ұлытау облысында "Жезқазған қаласында күніне 100 келушіге арналған емхана салу және пайдалану" жобасы бойынша. Жезқазған қаласында халық саны 90000-нан астам болса да, 1-ақ мемлекеттік емхана бар, тіркелген халық саны – 14938 адам. Халықтың қалған бөлігі 8 жеке медициналық үйымға бекітілген. Бұл ретте аталған жеке үйымдарда негізінен бейінді мамандар жоқ, қажетті диагностикалық жабдық жоқ, бұл медициналық көмек көрсете сапасын төмендетеді. Аландардың жеткіліксіздігіне байланысты бұл үйымдарды кеңейту мүмкіндігі жоқ. Аталған фактілерді ескере келе, халық санының одан әрі ұлғаятынын назарға алсақ (2029 жылға қарай жоспарланған халық саны – 135000 адам), жаңа емхана салу қажет.

3-бағыт. Халықты әлеуметтік қорғау

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі – Еңбекмині) деректері бойынша 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар 711,8 мың адам (бұдан әрі – МБА) тұрады, оның ішінде ересектер 607,6 мың адам (еңбекке қабілетті жастағы – 420,1 мың адам; зейнеткерлер – 187,5 мың адам), 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар – 104,3 мың адам.

2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша МБА саны республика бойынша барлығы – 719,3 мың адам, оның ішінде ересектер – 612,4 мың адам, балалар – 106,9 мың адам; қалаларда – 412,9 мың адам, ауылдарда – 306,4 мың адам; ерлер – 401,3 мың адам, әйелдер – 318,0 мың адам.

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша МБА санының өсімі өткен жылмен салыстырғанда 2,15 %-ды құрады (15,0 мың адамға артқан). 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша МБА санының өсімі өткен жылмен салыстырғанда 0,24 %-ды құрады (1,7 мың адамға артқан). Осылайша, соңғы 3 жылда МБА саны ұдайы өсken.

2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша МБА арасында еңбекке қабілетті жастағы адамдар саны республика бойынша 422507 адамды (МБА жалпы санының 58,7 %-ы), зейнеткерлік жас – 189883 адамды (МБА-ның жалпы санының 26,4 %-ы) құрайды.

Соңғы 3 жылдағы еңбекке қабілетті МБА санының өзгеру серпіні (2021 – 2023 жж. басындағы жағдай бойынша) синусоидты сипатқа ие. Мәселен, 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш 2,2 мың адамға

ұлғайған (0,52 %-ға ұлғауы), 2022 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті МБА санының азауы өткен жылмен салыстырғанда шамамен 2 мың адамды құрады (0,49 %-ға азайған).

Қалаларда тұратын МБА саны соңғы 3 жыл ішінде (2021 – 2023 жж. басындағы жағдай бойынша) 19252 адамға өскен. 2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша қалалардағы МБА өсімі өткен жылмен салыстырғанда 5,6 %-ды (21768 адам) құрады, 2022 жылғы 1 қантардағы қысқару өткен жылмен салыстырғанда 0,65 %-ды (2516 адам) құрады.

Соңғы 3 жыл ішінде (2021 – 2023 жж. басындағы жағдай бойынша) ауылдарда тұратын МБА саны 2597 адамға қысқарған. 2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша ауылдардағы МБА өткен жылмен салыстырғанда 2,2 %-ды (6807 адам) құрады, 2022 жылғы өсім өткен жылмен салыстырғанда 1,4 %-ды (4210 адам) құрады.

Соңғы 3 жыл ішінде (2021 – 2023 жж. басындағы жағдай бойынша) МБА арасындағы ерлер санының жалпы өсімі 7785 адамды құраған. Мәселен, 2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша МБА арасындағы ерлер өсімі өткен жылмен салыстырғанда 1,98 %-ды (7698 адам) құрады, 2022 жылғы 1 қантардағы өсім өткен жылмен салыстырғанда 0,02 %-ды (87 адам) құрады.

Соңғы 3 жылдағы МБА арасындағы әйелдер санының жалпы өсімі (2021 – 2023 жж. басындағы жағдай бойынша) 8870 құрады. Мәселен, 2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша МБА арасындағы әйелдер өсімі өткен жылмен салыстырғанда 2,4 %-ды (7263 адам) құрады, 2022 жылғы 1 қантардағы өсім өткен жылмен салыстырғанда 0,53 %-ды (1607 адам) құрады.

Әлемде, оның ішінде Қазақстанда МБА саны үнемі ұлғаюда, бұл халықтың қартауына және егде жастағы адамдар арасында мүгедектік тәуекелінің артуына, қант диабеті, жүрек-қан тамырлары, онкологиялық аурулар мен психикалық ауытқу ауруларының таралу деңгейінің жаһандық артуына, сондай-ақ экологиялық және қоршаған ортаның басқа да факторларына, оның ішінде саяси проблемаларға, табиғи апаптарға, мемлекеттің даму деңгейіне және т.б. байланысты болды.

Соңғы жылдары ересек тұрғындар арасында мүгедектікке алғаш шыққан кездегі аурулардың құрылымы өзгерген жоқ және мынадай болып отыр: бірінші орында – қан айналымы жүйесі аурулары 25,4 % (2020 жылы – 28,1 %, 2021 жылы – 27,0 %), екінші орында – қатерлі ісіктер 24,7 % (2020 жылы – 22,5 % үшінші орында – барлық басқа жарақаттар 9,7 % (2020 жылы – 10,5 %, 2021 жылы – 10,0 %), төртінші орында – тірек-қимыл жүйесі аурулары 8,0 % (2020 жылы – 7,4 %, 2021 жылы – 8,0 %), бесінші орында – көз аурулары 7,1 % (2020 жылы – 6,1 %, 2021 жылы – 6,9 %).

Балалар мүгедектігінің басты себептері ересектер арасындағы мүгедектіктен өзгеше :

бірінші орында – тұа біткен ақаулар, 2020 жылы – 30,3 %, 2021 жылы – 31,1 %, 2022 жылы – есепті кезеңде мүгедектігі бар деп алғаш танылған балалардың жалпы санының 28,2 %;

екінші орында – жүйке жүйесі аурулары, олардың үлес салмағы 2020 жылғы – 22,0 %-ға, 2021 жылы – 22,1 %-ға және 2022 жылы – 23,0 %-ға дейін шамалы өскен;

үшінші орында – психикалық ауытқу салдарынан болатын мүгедектік, олардың үлес салмағы жыл сайын 2020 жылы – 16,2 %-ға, 2021 жылы – 17,0 %-ға, 2022 жылы – 19,2 %-ға ұлғайған;

төртінші орында – эндокриндік аурулардың салдарынан болатын мүгедектік, олардың үлес салмағы 2020 жылы – 6,1 %-ды, 2021 жылы – 6,4 %-ды, 2022 жылы – 6,5 %-ды құрады;

бесінші орында – қатерлі ісіктер, 2020 жылы – 4,0 %, 2021 жылы – 3,9 %, 2022 жылы – 3,7 %.

Республикада МБА абсолютті санының өсуі байқалғанымен, үлес салмағы халықтың табиғи өсіміне қарай республиканың жалпы халық санының 3,6 %-ы деңгейінде (2019 – 2021 жылдары) тұрақты. МБА-ның ең жоғары үлес салмағы Қарағанды облысында (өнір халқының жалпы санының 4,9 %-ы), Солтүстік Қазақстан облысында (өнір халқының жалпы санының 4,7 %-ы), Түркістан облысында (өнір халқының жалпы санының 4,6 %-ы), Шығыс Қазақстан облысында (өнір халқының жалпы санынан 4,1 %-ы), неғұрлым төмен деңгейі Астана қаласында (өнір халқының жалпы санынан 2,4 %-ы), Алматы қаласында (өнір халқының жалпы санынан 2,6 %-ы) және Атырау облысында (өнір халқының жалпы санынан 2,9 %-ы) байқалады.

2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша МБА жалпы санынан еңбекке қабілетті жастағы адамдар басым болды – 60 %. Бұл ретте балалар арасындағы мүгедектікің өсу үрдісі байқалуда (2019 жылы – 13,2 %, 2020 жылы – 13,6 %, 2021 жылы – 14,1 %).

2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша МБА бөлігінде әлеуметтік қызмет көрсету жүйесімен 61 мың адам, оның ішінде 24 мыңнан астам бала қамтылған.

Қазақстан Республикасында барлығы жалпы қуаты 2106 төсек-орын 30 оңалту орталығы (бұдан әрі – ОО) (ересектер үшін – 759 төсек-орын, балалар үшін – 584 төсек-орын, аралас – 763 төсек-орын), оның ішінде ересектер үшін – 10 ОО, балалар үшін – 15 ОО, аралас – 5 ОО жетіспейді.

МБА арнаулы әлеуметтік қызметтерді (бұдан әрі – АӘҚ) стационарлық үлгідегі 700 -ден астам мемлекеттік субъект (116 мемлекеттік стационарлық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – АӘҚКО) (бірінші және екінші топтағы МБА және қарттарға арналған жалпы үлгідегі 44 АӘҚКО; психоневрологиялық аурулары бар МБА арналған 52 АӘҚКО; тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедек балалар үшін 4 , психоневрологиялық патологиясы бар мүгедек балалар үшін 16), 80 мемлекеттік құндызғі орталығы, 32 мемлекеттік ОО), 503 үйдегі әлеуметтік көмек бөлімшелері) ұсынады.

Күндізгі ем-шара қабылдау кезінде және үйде көрсетілетін АӘҚ жұмыс істеп тұрған стационарлық ұйымдар желісіне балама ретінде көрсетілетін қызмет болып табылады, ол өз кезегінде адамды отбасында қалдырып, отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған. Нәтижесінде бұрын стационарлық мекемелерде болған 800-ден астам бала өз отбасыларына қайтарылған.

Бүгінгі күні АӘҚ ұсыну бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты еліміздің барлық өнірлерінде 182 үкіметтік емес ұйым іске асырады.

Қазіргі уақытта еліміздің 12 өнірінде (Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Абай, Жетісу, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Павлодар, Түркістан облыстары, Алматы, Астана, Шымкент қалалары) 150 орынға арналған жаңа ірі ОО салынуда.

2023 жылы Семей қаласында ОО пайдалануға берілді. Құрылыш: Кентау қаласында 2023 жылғы 3-тоқсанда, Тараз және Ақтөбе қалаларында 2023 жылғы 4-тоқсанда, Орал қаласында 2024 жылы аяқталады деп күтілуде.

2023 жылы құрылыш: Көкшетау қаласында (2025 жылы аяқтау мерзімімен), Атырау қаласында (2025 жылы аяқтау мерзімімен) басталды.

Бұл ретте 5 ОО бойынша ЖСҚ-ны жер участесіне байланыстыру жұмыстары жүргізілуде (Павлодар, Жетісу облыстары, Астана, Алматы, Шымкент қалалары). Болжалды пайдалануға беру мерзімі – 2025 жыл.

Мүгедектік көрсеткішінің жыл сайынғы артуын ескере отырып, оларды әлеуметтік оңалту жөніндегі көрсетілетін қызметтермен толық қамту мәселесі өзектілігін жоғалтпауда. Мемлекет басшысының тапсырмасын сапалы және уақтылы орындау алдағы жылдарға арналған басым міндет болып табылады.

Қазақстан Республикасының 7 өнірінде ОО-ға деген сұраныс бар (Қарағанды, Алматы, Шығыс Қазақстан, Манғыстау, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстары, Астана қаласы).

2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша МБА саны:

Қарағанды облысы бойынша 56,1 мың адамды құрады (оның ішінде 28,9 мың бірінші және екінші топтағы МБА, мүгедектігі бар 4,8 мың бала), ал облыс бойынша қуаты 84 төсек-орын болатын 1 ғана ОО жұмыс істейді;

Астана қаласы бойынша 32,2 мың адамды құрады (оның ішінде 13,3 мың бірінші және екінші топтағы МБА, мүгедектігі бар 8,2 мың бала), алайда қалада ОО жоқ;

Алматы облысы бойынша 43,7 мың адамды құрады (оның ішінде 21,5 мың бірінші және екінші топтағы МБА, мүгедектігі бар 6,7 мың бала), алайда облыс бойынша жалпы қуаты 570 төсек-орын болатын 3 ОО ғана жұмыс істейді;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша 30,0 мың адамды құрады (оның ішінде 15,5 мың бірінші және екінші топтағы МБА, 3,1 мың мүгедек бала), алайда облыс бойынша қуаты 80 төсек-орын болатын 1 ОО ғана жұмыс істейді;

Маңғыстау облысы бойынша 30,6 мың адамды құрады (оның ішінде 14,6 мың бірінші және екінші топтағы МБА, 7,0 мың мүгедек бала), алайда облыс бойынша жалпы қуаты 90 төсек-орын болатын 2 ОО ғана жұмыс істейді;

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 25,1 мың адамды құрады (оның ішінде 11,8 мың бірінші және екінші топтағы МБА, мүгедектігі бар 2,3 мың бала), алайда облыс бойынша қуаты 10 төсек-орын болатын 1 ОО ғана жұмыс істейді;

Ұлытау облысы бойынша 11,4 мың адамды құрады (оның ішінде 5,2 мың бірінші және екінші топтағы МБА, 0,9 мың мүгедек бала), алайда облыс бойынша ОО жок.

Жоғарыда аталған деректерге сәйкес 7 өнірде ОО-ға сұраныс бар.

Осылайша, 12 ОО салғаннан кейін МБА-ны әлеуметтік оңалтумен толық қамту үшін тағы 7 ОО (Қарағанды, Алматы, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстары, Астана қаласы) ашу/салу мәселесін шешу талап етіледі.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша техникалық көмекші оңалту құралдарына (орындық-арбалары) мүқтаж адамдардың жалпы санынан 17,5 % (4233 адам), 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 10,2 % (1893 адам), 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 6,6 % (1254 адам) қамтамасыз етілмеген.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша техникалық көмекші оңалту құралдарына (міндettі гигиеналық құралдары) мүқтаж адамдардың жалпы санынан 6,4 % (9167 адам), 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 4,1 % (6485 адам), 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 4,5 % (7745 адам) қамтамасыз етілмеген.

МБА-ның АӘК-қа деген қазіргі сұранысын ескере отырып, ОО-ны салу және пайдалану бойынша 3 МЖӘ жобасын, сондай-ақ МБА-ға арналған гигиеналық құралдар шығару және арнайы жүріп-тұру құралдарын (орындық-арбалар) шығару жөніндегі 2 МЖӘ жобасын іске асыру ұсынылады.

ОО салу және пайдалану жөніндегі жобаларда жекеше әріптеске МЖӘ обьектісінің сметалық құнының 10 %-ы мөлшерінде қоса қаржыландыру (90 % жеке инвестициялар) беру көзделген. Бұдан басқа, жекеше әріптеске инвестиациялық шығындардың өтемақысын (бұдан әрі – ИШӘ) (объектіні мемлекеттік меншікке бергеннен кейін), жан басына шаққандағы қаржыландыруды және обьектіні басқарғаны үшін сыйақы (бұдан әрі – БҮС) беру көзделген.

4-бағыт. Спорт

Қазақстанның дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатының маңызды бағыттарының бірі бұқаралық спорты дамыту болып табылады.

2019 – 2022 жылдары елімізде дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысадын азаматтар саны 30,6 %-дан 38,5 %-ға дейін өсken. Статистикалық деректерге сәйкес 2022 жылдың қорытындысы бойынша республикада 7586444 адам спортпен жүйелі түрде шұғылданады (ел халқының 38,5 %).

2021 жылмен салыстырганда спортпен шұғылданушылар саны 16,09 %-ға немесе 1051509 адамға артқан.

Қазақстан Республикасындағы спорт объектілерінің жалпы саны 2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша 43071 бірлікті құрайды, оның ішінде 3183 жеке меншік объектісі, 39888 мемлекеттік меншік объектісі.

Республика бойынша 1000 адамға шаққанда халықтың спорттық инфрақұрылыммен орташа қамтамасыз етілуі іс жүзінде 50 %-ды құрайды.

Спорт объектілерінің жалпы санынан: 15339-і дene шынықтыру-спорт мақсатындағы объектілер, 27732-і білім беру мекемелері объектілері (спорт мектептерін қоса алғанда).

Қазақстан Республикасындағы барлық объектілердің 55 %-ы (24397 объект) ауылдық жерлерде, 45 %-ы (18674 объект) қалаларда орналасқан. Барлық объектілердің 60 %-ы (26493 объект) спорттық трассалардан, ядролардан, спорт алаңқайлары мен алаңдардан тұратын жазық құрылыштар, объектілердің 40 %-ы (16578 объект) жабық спорт құрылыштары болып табылады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша дene шынықтырумен және спортпен жүйелі турде шұғылданатын дene мүмкіндіктері шектеулі адамдар саны дene шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін көрсеткіштері бар МБА жалпы санының 51325 немесе 16 %-ы (2020 жылы 38352 немесе 12,2 %, 2021 жылы 48565 немесе 12,7 %) құрайды.

Бұл ретте ауылдық елді мекендер мен қалаларда жаңа спорт объектілерін өнірлердің климаттық ерекшеліктерін ескере отырып салу қажет.

Жұмыс істеп тұрған спорт залдарының ауданы – 1132771,9 шаршы метр. Спорт залдарымен қамтамасыз ету ("Қала құрылышы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 сәйкес 1000 адамға 80 шаршы метр нормативі кезінде") 2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы халқының санына сәйкес Қазақстан Республикасында 1581200,3 шаршы метр болуы тиіс. Осылайша, тапшылық 448428,4 шаршы метрді құрайды (оның ішінде тапшылық: Алматы қаласы – 29,1 %, Қарағанды облысы – 35,2 %, Павлодар облысы – 35,6 %, Ақмола облысы – 41,1 %, Батыс Қазақстан облысы – 41,5 %, Жамбыл облысы – 42,5 %, Шымкент қаласы – 43,3 %, Қостанай облысы – 46,8 %, Солтүстік Қазақстан облысы – 47,7 %, Жетісу облысы – 48,7 %, Маңғыстау облысы – 48,9 %, Шығыс Қазақстан облысы – 52,7 %, Ұлытау облысы – 52,2 %, Қызылорда облысы – 57,3 %, Абай облысы – 58,5 %, Ақтөбе облысы – 59,1 %, Атырау облысы – 59,5 %, Алматы облысы – 60,6 %, Астана қаласы – 66,6 %, Түркістан облысы – 69,1 %).

Жұмыс істеп тұрған бассейндердің ауданы – 140132 шаршы метр. Бассейндермен қамтамасыз ету ("Қала құрылышы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және салу" ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 сәйкес 1000 адамға шаққанда 25 шаршы метр су айнасы нормативі кезінде) Қазақстан Республикасы халқының санына сәйкес 2023 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 494125 шаршы метр

булды тиіс. Осылайша, тапшылық 353993 шаршы метрді құрайды (оның ішінде қажеттілік: Алматы қаласы – 51,8 %, Ақмола облысы – 40,3 %, Алматы облысы – 39,3 %, Шығыс Қазақстан облысы – 61,5 %, Манғыстау облысы – 64,2 %, Атырау облысы – 68,1 %, Павлодар облысы – 68,4 %, Астана қаласы – 69,7 %, Абай облысы – 71,7 %, Ұлытау облысы – 73,4 %, Жетісу облысы – 73,5 %, Қостанай облысы – 73,8 %, Солтүстік Қазақстан облысы – 73,9 %, Қарағанды облысы – 75,6 %, Ақтөбе облысы – 76,5 %, Шымкент қаласы – 83,7 %, Қызылорда облысы – 83,8 %, Түркістан облысы – 84,8 %, Жамбыл облысы – 86,8 %, Батыс Қазақстан облысы – 89,8 %).

Инфрақұрылымның негізгі өсуі жазық құрылыштар есебінен болады. Республика бойынша жабық спорт ғимараттарының саны әлі де жеткіліксіз.

Спорт ұйымдары мен объектілерін қаржыландыруды оңтайландыру практикасы спорtpен шұғылданатын балалар санының, білікті мамандардың азаюына және азаматтардың барлық санаттары үшін спорт инфрақұрылымының қолжетімділігіне әкелді.

Спорт залдарына қазіргі тапшылықты азайту мақсатында тез тұрғызылатын спорт модульдерін салу және пайдалану жөніндегі МЖӘ жобаларын іске асыру ұсынылады. Бұл ретте жобаларда дене мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін жараптандыру нормалары ескерілетін болады.

Жобаларды жоспарлау мерзімдерін оңтайландыру үшін бағдарламалық МЖӘ тетігін қолдану көзделген.

Жекеше әріптес МЖӘ объектісін құруды қамтамасыз етеді. Жекеше әріптес МЖӘ объектісін құрып, МЖӘ объектісін пайдалануға бергеннен кейін жекеше әріптес кемінде 10 жыл бойы құрылған объектіні басқаруды, оған техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Осы кезеңде мемлекет тарапынан ИШӘ және БҮС төлеу жүзеге асырылады. Пайдалануға берілгеннен кейін МЖӘ объектісі мемлекеттік меншікте қалады.

5-бағыт. Оқу-ағарту

Балалар демалысы

